

## ЛИТЕРАТУРА

1. Салберг Пали. Образовательные реформы для повышения экономической конкурентоспособности // Сб. Международных организаций «Кризис - пути преодоления», №1. – 2009. – С. 15-33.
2. Доклад «Тенденции, формирующие систему образования». Вопросы образования. №3. – 2009. – С. 26-52.
3. Романова В. Модели образования в современном мире. [www.dialogs.org.ua](http://www.dialogs.org.ua)
4. Драйден Г., Восс Дж. Революция в обучении. М.: изд-во Парвина, 2003. – 672 с.
5. Доклад ЮНЕСКО «Образование: скрытое сокровище», Международная конференция по образованию для XXI века, 1997. – С 30.
6. Тодосийчук А.В. Прогнозирование развития системы образования. [http://www.bim-bad.ru/biblioteca/article\\_full.php?aid=994](http://www.bim-bad.ru/biblioteca/article_full.php?aid=994)
7. Грин Энди. Многоликость обучения на протяжении всей жизни: новейшие тенденции европейской образовательной политики. <http://sibush.ru/article.php?no=437>
8. Бадаева А.С. Интеграция образовательных систем стран Европейского Союза. Автограферат на соискание ученой степени кандидата политических наук. М., 2010. – 15 с.
9. Материалы Международного симпозиума «Среднее образование для Европы». Берн, 1996.

## ТҮЙНДЕМЕ

Мақалада мектепте білім берудің европалық үлгісінің даму траекториясы баяндалады.

“**Олардың мектептердің даму траекториясы**”

Trajectory of European secondary school model development has been examined in this article.

## ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУДАҒЫ ОҚУ-ӨНДІРІСТИК ТӘЖІРИБЕНИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*M.T. ЕСЕЕВА  
Б.Р. КӨЛБЕКОВА*

Әлеуметтік педагогтардың көсіби тұрғыда дайындаудың құрамадас бөліктері – педагогикалық және әлеуметтік білім берудің өзіне тән ерекшеліктерімен байланысты. Олар ең алдымен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттен туындар, жалпы педагогикалық іс-әрекетпен салыстырғанда анық көрініс береді. Біріншіден, іс-әрекеттің мақсатына орай, педагог өткен үрпак

өкілдері жинақтаған білімді беру процесін жүзеге асырса, әлеуметтік педагог адамды әлеуметтендіруге көмегін тигізеді. Екіншіден, педагогтың іс-әрекетінің объектісі болып мектеп жасындағы бала ұсынылса, әлеуметтік педагогтың объектісі – әлеуметтендіруді бастан өткізетін адам болып саналады. Үшіншіден, білім беру мен тәрбие педагогикалық іс-әрекеттің қызметтері

болып табылса, әлеуметтік педагогтың негізгі қызметтері бірнешеу: диагностикалық, болжам жасаушылық, тәрбие беру, профилактикалық, үйимдастырушылық, реабилитациялық, сараптамалық. Төртіншіден, педагогтың жұмыс орына тек білім беру мекемелері жатқызылса, әлеуметтік педагог салаларына қарай түрлі мекемелерде жұмыс істей алады: білім беру жүйесінде, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек беру орындарында, ПМ мекемелерінде, тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінде, т.б.

Ағылшын ЖОО-дары практиканың оқытушылармен және агенттік мамандарымен бірлесіп құрастырылған арнайы оку жоспарларын жасайды және оған төмөндегі элементтерді біріктіреді:

- оқытудың арнайы мақсатын анықтайтын мазмұны және оның ақырғы қорытындылары;
- агенттіктер мен студенттердің үйренудегі іс-әрекетінің өзіндік үлгісіне тәуелді практиканың мақсатына жету әдістері;

- практиканндардың іс-әрекетінің жүйелілігі;
- жұмыстың түрлі кезендерін бағалау.

Британ зерттеушілерінің үйгарымы бойынша, әлеуметтік жұмысты дайындауда және курсты оқыту мен практикалық сабактарды үйимдастыруда теоретиктер мен практиктердің ынтымақтасығы манызды мәселелердің біріне жатады. Себебі әлеуметтік қызметкерлерді дайындаудың жоғары мектептегі бүкіл оку процесі әлеуметтік қорғау агенттіктерімен ынтымақтасу мен серіктестікке негізделеді.

Ұлыбританияда жұмыс орындарын беруді әрбір ЖОО-да құрылатын өндірістік практиканың комиссиясының өкілі үйлестіреді. Комиссияның құрамына оқытушылар, студенттік топтардың тьюторлары, әлеуметтік қорғау агенттіктерінің қызметкерлері, мұдделі жақтың (ерікті үйимдардың, жергілікти билік органдарының және т.б.) өкілдері енгізіледі.

#### **1-кесте. Ұлыбританияның әлеуметтік факультеттері студенттерінің өндірістік практикасындағы үйлестірушілер**

<b>Практикалық оқудағы серіктестер</b>		
Оку мекемесіндегі практиканы үйлестіруші (үш мәрте кездесу, дайындық, болу, жаңжалды шешу, сапаны қамтамасыз ету)	Студент (бакылау, жұмыс істеу, портфолио, тапсырманы орындау)	Үйимдағы практиканы үйлестіруші (үш мәрте кездесу, апта сайынны үйлестіру, істелген жұмысты бағалау, бакылау мен портфолио)

Ұлыбританиядағы мамандарды дайындауда практикалық іс-әрекетке көп көніл бөлініп, оку орындарындағы жетекшілердің жоғары дәрежеде маманданған және тәжірибелі әлеуметтік педагог немесе әлеуметтік қызметкер болуы талап етіледі. Әлеумет-

тік жұмыстың практикалық жұмысын жүргізуге жауапты педагогтарға қойылатын таланттар мынадай жайларды қамтиды:

- теорияны, дағдылар мен құндылықтарды оқыту практика кезінде негізге алынуы тиіс;

- студенттер кем дегенде 200 күн практикалық жұмыспен және тәжірибе жинактаумен айналысусы керек;

- әрбір студент практиканадан кейін заң шығаратын негіздерді қайта қараумен бірге әлеуметтік жұмысқа қатысты кем дегенде екі практиканың тәжірибелерін қолдана білуі керек; кем дегенде екі клиент топтарына қызмет көрсете білуі қажет (мысалы, ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға және ақыл-ойының дамуы кем бала-ларға).

Осылайша, әлеуметтік жұмыстың оқытушысына қойылатын талаптар екі мөлшерді қамтиды: теориялық дайындықты және осы саладағы практикалық іс-әрекет жүргізуден тәжірибелі. Әлеуметтік жұмыстың оқытушыларының дайындығын зерттей келе, Ш. Рамон аталған бағыттың киындығы ретінде әлеуметтік жұмыстағы екі ұштылықпен байланысты құндылықтардың, білім мен дағдылардың арасындағы сәйкес-тіктерді жоғары дәрежеде қамтамасыз етудің қажеттілігін атап көрсетеді. Сондықтан ол «адамдарды қолдау көрсетуге лайықты немесе ол оған тұрарлық емес деп бөлөтін әлеуметтік нағымнан, қалыптан бас тартуға дайын» оқытушылар керек деп тұжырымдайды [1].

С. Слиман «Последствия партнерства в высшем образовании в области социальной работы» деген еңбегінде теоретиктер мен практиктердің әріптестігінің қорытындысын байлаша анықтайды:

- академиялық қызметкерлер мен агенттіктердің арасындағы өзара түсіністіктің шубесіз қүшесі;
- оқытудың практикаға неғұрлым сәйкес түрде жүргізуі;
- практиктердің теориялық мәселелер жөніндегі ақпараттары кеңейтүсті;
- әріптестердің өз тәжірибелімен бөлісуі оқыту процесінің

тиімділігінің артуына өз ықпалын тигізетін сөзсіз;

- әріптестік инновацияны түсіну мен оны жүргізуі тездетеді;

- студенттердің практикалық және теориялық түрғыдағы мамандануы сөзсіз артты [2].

Ұлыбританияның көптеген өзге ЖОО-дарындағыдей, әлеуметтік қызметкерлерді дайындауға маманданған Кент университетінің оку жоспарында бірінші оку жылында әлеуметтік қорғау мекемелерінде 10 күндік практикалық оқыту, ал екінші жылда белгіленген университеттің ережесіне сәйкес, студенттің қажетіне (пайдасына) байланысты және оның мұддесін, қабілеті мен әлеуметтік-мәдени мұқтаждығын ескере отырып, аталған географиялық аумақта 100 күндік мамандыққа баулу практикасын өткізу қарастырылған [3].

Ұлыбританияның ЖОО-да оку жылы қазан айында басталып, әрқайсыы 810 аптадан тұратын триместрге белінеді. Жазғы демалыстардың ұзақтығы – төрт ай, яғни, 1 маусым мен 30 қыркүйектің аралығы. Болашақ әлеуметтік қызметкерлердің сабактарының негізгі түрлеріне лекциялар, семинарлар, лабораториялық жұмыстар, сонымен қатар тьюториалдар (тьютордың студентпен аптасына бір рет сабак жүргізуде қолданатын оқытудың тұлғалық-топтық әдісі) жатады. Ұлыбританиядағы болашақ мамандардың практикалық іс-әрекетіне ерекше мән берілетіндігі белгілі. Бұл ретте осы мәселені қарастырған М. Доэлдің, С. Шадлоудың мәліметтерін көлтірер болсақ, мысалы, 2 жылдық курс бойынша әлеуметтік жұмыс бойынша диплом алу үшін бірінші оку жылында практикаға 5 айдын (қазан-ақпан), ал екінші жылда 6 айдын (ақпан-шілде) белінетіні дәлел [4]. Әлеуметтік жұмыс бойынша өндірістік практиканы үйимдастыруға тән ерекшелікке: тьютор – студент – нұсқаушы негізіндегі үш

тараптық келісімнің, еңбек шартының жасалуы жатады. Бұл оған жауапты үш көзінен міндетті ресми құжаты болып саналады. **Келісім әлеуметтік қызметтің жалпы ерекшеліктерімен қатар, оның арнайы бағыттарының өзгешелігінің мазмұны мен үйімдастыру жағын бейнелейді.**

Ұлыбританияның түрлі оку орындарында (*Бирмингем, Уорвик, Шеффилд университеттері мен Лондон экономика мектебінде*) жасалған келісімдерді талдау барысы көрсеткендегі, олардың барлығында да өндірістік практиканың талаптары мен мақсаты нақты айқындалып, студенттерді дискриминацияға қарыс саясатты жүргізуге тартудың тәсілдері белгіленген. Келісім студенттің соған сәйкес құқықтық негізді әдістемесін менгеруіне мүмкіндік береді. Онда студенттің жұмысын басқарудың мазмұны мен әдістері, сондай-ақ жұмыс күнінің ұзақтығы, еңбекті есепке алу және практиканы бағалау тәсілі анықталған. Оку орын жақсы бітірген студент еki түрлі куәлікке: мамандық бойынша сертификат (барлық елдерге жарайтын құжат, оның негізінде студент Ұлыбританияның мамандығына сай көптеген мекемелерінен жұмыс орнына ие болады) және дипломға (мүмкін магистр дәрежесі бойынша) ие болады. Әлеуметтік қызмет бойынша агенттіктердің еңбек ету дағдысын менгерген бітірушілер практикалық дайындықтың соғыс кезеңіне – таңдаған арнайы бағыты бойынша жұмысқа кірісе алады. Алайда тар сипаттағы мамандықтан бұрын, әрбір студент негізгі бағыттарды игеруі кажет. Біздің зерттеуіміздің шенберінде төмендегі негізгі бағыттарды бөліп көрсетудің мәні айрықша:

- Отбасымен әлеуметтік жұмыс практикасы. Отбасы балалар мен ерекшеліктердің өміріне үлкен ықпалын тигізеді. Сондықтан әлеуметтік қызметкер үшін отбасылық өмірдің ерекшелігі мен

онда жұмыс істей білудің қажеттілігі зор. Бұл салада ең алдымен әріптестік идеясы жүзеге асырылады. Өмірде барлық отбасылар әртүрлі тіршілік етеді, әрқайсының бірегей өзгешелікке ие өзіндік мәдениеті болады. Сол себептен практиканың мұны түсінуі мен әрбір отбасындағы қарым-қатынас тәртібін ескеруі өте қажетті жайт, ейткені сондай жағдайда ғана жұмыс табысқа жетеді.

- Мәдени жетіктік практикасы. Бұл бағыттағы жұмыс тиімді жүруі үшін студенттің өзінің мәдени бастауын сезінуінің қажеттілігі зор. Сонда ғана ол мәдени жетіктік абсолютті сапа еместігін, мәдениеттің таңқаларлықтай бірнәрсе емес, тек белгілі бір топтарға, таптарға, нәсілдерге тән екенін жете түсінуге қол жеткізеді. Мәдени жетіктік – бұл мінез-құлықтың, қалыптар мен стратегияның үйлесіп, мәдени орта жағдайында индивидумдардың, үйымдар мен жүйелердің тіршілік етуі. Студент практикалық дайындық процесі кезінде мәдени жетіктікің басқаның мәдениеттің менгерумен қатар, оның клиенттердің, топтардың, қауымның мәдени ортасына сәйкес келетін практикалық дағыларға бейімделу екенін түсінуі тиіс [5].

- Құқықтық хабардарлық бойынша практика. Англиядағы әлеуметтік жұмыс бойынша жүргізлетін практикаға 37 заң қатысты. Олардың мазмұны түрмәк, атының өзін студенттің есте сактауы қынға соғады. Сонымен бірге нақты көрсетілмеген құқықтық қеңесті үфудың, қандай да болсын қеңестің болмағандығынан да ауыр екені анық. Теориялық оку процесі кезінде игерілген білімді соған сәйкес практикасыз қолданудың да киындығы белгілі. Сондықтан үйрену кезінде қандай да бір нақтылы жағдай қарастырылып, оны талқылау процесі барысында пайда болған сұраптар талданады, ал оған жауапты

студент соған сәйкес заңдардан табады. Білімді жаксы менгеру үшін, егер ол өмірден алынған нақты мысалдармен байланысты болса және оны студент пайдалана алса, жоғары нәтижеге жетуге болатыны сөзсіз. Болашақ маман үшін ең маңыздысы, оның нені білмейтінін және қай кезде және қашан қосымша құқықтық көмек пен сараптама үшін кімге сүйену керектігін түсіне білуі. Бұл үшін оның клиентпен (отбасымен, қауыммен) заң шенберінде жүзеге асыратын нақтылы жұмысының практикалық мақсатын анықтауы, содан кейін осы заңды, оның түсініктерін, керек болса кенес беруді игеру қажет [6].

- Зерттеу бағыты бойынша практика. Ұлыбританияда студентті теориялық дайындық негіздерін игеру процесінде, сондай-ақ практика кезінде ғылыми жұмысқа тартуға көп көңіл белінеді. «Зерттеу бағыты» деген ұғым практикада екі сипатта: студент қазіргі заманғы ғылыми білімді қолданғысы келгенде, оның нәтижелерін өзінің іс-әрекетіне ендіруге қызығушылық танытқан кезде және ол зерттеу жұмысын өзі жүргізіп, оның мақсатын, процесті үйімдастыру мен жүзеге асыруды іске асыра отырып, қорытындыларға баға берген жағдайда көрініс табады. Бұл екі жай студенттің практикалық дайындығында түрлі амалдарды, әдістер мен мазмұнды талап етеді.

Зерттеу бағыты бойынша практика – әлеуметтік жұмыс саласында магистр дәрежесін алу үшін мамандарды дайындаудың ерекшелігі. Осы орайда Уорвик университетінің тәжірибесі қызықтырады. Бұл оқу орнының қолданбалық әлеуметтік зерттеулер кафедрасы оқу бағдарламасының мониторингі мен менеджментіне катысадын, сондай-ақ магистр дәрежесін алу үшін диссертация қорғауды дайындау үшін практиканы жүргізу мақсатымен өзінің жергілікті агенттіктерін беретін Ковентри, Уор-

вик, Орталық граffitiқтың түрлі әлеуметтік үйімдары мен қызметтерімен әріптес ретінде жұмыс істейді. Барлық жұмыс «Балалар туралы қамқорлық» және «Қоғамдық қамқорлық» деген екі сала бойынша жүргізіледі. Лондонның Гоулдсмит университеті клиенттердің әртүрлі топтарын екі бағыт бойынша: балалар туралы қамқорлық және психикалық денсаулық жөнінде практикалық үйретуді жүргізеді [7].

Ұлыбританиядағы Кент университетіндегі әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жүйесінде практиканың салалануы өркендесе, ал Қазақстанда жүзеге асырылмағандығын, жіктелмей тұтас үйімдастырылатындығын аңгаруымыза болады.

**Практикалық сабактар 15 тақырып бойынша жүргізіледі.** Алғашқы бесеуі тікелей университетте оқытылып, ол «Практика негіздері» деген курсты құрайды. Ал алты тақырып – «Агенттіктердегі әлеуметтік жұмыстың практикалық дағдылары» жұмыс орындауды жүргізіледі. Қалған тақырыптар әлеуметтік агенттіктердегі жұмысты жетілдіруге арналып, студенттің өзінің практикалық іс-әрекеті мен тұластай алғандағы агенттіктердің жұмысына ой жүгіртпіп, қорытынды жасауға бағытталады.

Практикалық дайындықтың барлық тақырыптарын еткей-тегжейлі қарастыру осы тақырыптарды игеру процесі кезінде тірек болатын негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл сабактардың барлығы әлеуметтік қызметтері практикалық дағдыларды мендеруге арналған.

М. Пейн әлеуметтік қызметкерлерді дайындаудың оқу жоспарының жалпы және арнайы бөліктерін, оның мазмұны мен құрылымын қарастыра келе, әлеуметтік жұмыстың бес негізгі қызметін анықтап, оларды бір ғана сапаға – практикалық бағыттылыққа біріктірді. Бірін-

ші қызмет – терапевтік: әлеуметтік қызметкөр адамға барлық әлеуметтік аурулар үшін терапевтік ем көрсетуі тиіс. Екінші – саяси. Әлеуметтік қызметкөр адамдарды өзара іс-әрекет жасауға, олардың өздеріне және қоғам өміріне қажетті өзгерістерді жүзеге асыруы үшін түрлі ұйымдарға көмек беруге үйретуі қажет. Үшінші қызмет – әлеуметтік қызметтер көрсету, адамдардың қоғамдағы мәртебесіне қарамастан олардың мұқтаждықтарын түсіне білу. Төртінші – осал адамдарды қорғау және қоғамды отбасына, топтарға, қоғамдастыққа және т.б. зиянын тигізуі мүмкін күдікті адамдардан сактау. Бесінші, өте маңызды қызмет – адвокаттық; әлеуметтік қызметкөр өзінің клиенттерін қорғайды, кез келген сатыда олардың мұддесін білдіреді [8].

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Рамон Ш.. Подготовка преподавателей // Обучение социальной работе: преемственность и инновации / Под ред. Ш. Рамон и Р. Сарри; Пер. с англ. под ред. Б.Ю. Шапиро. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 157 с.
2. Sleeman, S. Results of partnership for social work education // Educating for social work: arguments for optimism / Sleeman, S. – UK, 1996.
3. [http://www.kent.ac.uk/studying/undergrad/subjects/social\\_work.html](http://www.kent.ac.uk/studying/undergrad/subjects/social_work.html); [http://www.dundee.ac.uk/undergraduate/courses/social\\_work.htm](http://www.dundee.ac.uk/undergraduate/courses/social_work.htm)
4. М. Доэл, С. Шадлоу / Обучение социальной работе: преемственность и инновации / Под ред. Ш.Рамон, Р. Сарри; Перевод с англ. Под ред. Ю.Б. Шапиро. – М.; Аспект Пресс, 1996. – 157 с. С. 71-72.  
5.<http://www.sussex.ac.uk/Units/publications/ugrad2008/subjects/Social%20work/17141>  
6.<http://www.edgehill.ac.uk/study/courses/social-work#details;> <http://www.glam.ac.uk/coursedetails/686/133>
7. <http://www.gold.ac.uk/ug/ba-social-work/>
8. Пейн М. Теория современной социальной работы. – М., 1997.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются особенности учебно-производственной практики в подготовке социальных педагогов Великобритании.

### **СОЛГАУЫТЫЛМАСЫ**

The article deals with the peculiarities of organizing practice in the process of training social workers.